ZAÑNAMA & QUQYQTYQ AQPARAT INSTITÝTY

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ САЛЫСТЫРМАЛЫ ҚҰҚЫҚТАНУ/
МЕЖДУНАРОДНОЕ ПРАВО И СРАВНИТЕЛЬНОЕ ПРАВОВЕДЕНИЕ/
INTERNATIONAL LAW AND COMPARATIVE LAW

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ЗАҢНАМА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ АҚПАРАТ
ИНСТИТУТЫНЫҢ ЖАРШЫСЫ
ҒЫЛЫМИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖУРНАЛЫ
ISSN 2788-5283
eISSN 2788-5291
ТОМ 81, НӨМІРІ 1(2026), 176-191

**ӘОЖ 341.48/.49**
**ҒТАМР 10.87.89**
**DOI 10.52026/2788-5291_2026_81_1_176**
**Ғылыми мақала**

**© Б.Т. Ауешова[1], Н.А. Уткелбаев[2], А.Қ. Адибаева[3*], 2026**
[1] Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау, Қазақстан
[2] Чикаго-Кент университеті, Чикаго, Америка Құрама Штаттары
[3] Алматы технологиялық университеті, Алматы, Қазақстан
(e-mail: [1]bagdataueshova@gmail.com; [2]nursultan.utkelbayev@gmail.com; [3]ka_alina84@mail.ru)

# ЖАНАМА ГЕНОЦИД ЖӘНЕ БҰҰ-НЫҢ АРНАЙЫ КОНВЕНЦИЯСЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ АЯСЫНДА ОНЫҢ АЛДЫН АЛУ ҚАЖЕТТІЛІГІ

**Аннотация.** Геноцидтің белгілі бір топтарға нәсілдік, ұлттық, этникалық немесе діни белгілер бойынша ұғымдық жою мақсатымен жасалатын қылмыстық әрекет болып танылатындығы кең мәлім. Осы орайда зерттелуші мәселенің өзектілігі 1948 жылғы БҰҰ арнайы Конвенциясының нормативтік мазмұнында тікелей көзделмеген геноцидтің жаңа нысандарын талдауды жүзеге асыру қажеттілігіне және халықаралық практикада жанама геноцид жасаудың теориялық және құқықтық аспектілерінің жеткіліксіз әзірленуіне негізделген. Зерттеудің мақсаты табиғи жағдайларды, мәдени-тарихи ортаны, сондай-ақ биологиялық және экономикалық араласу факторларын өзгерту жолымен қандай да бір демографиялық топтарға қасақана әрекетсіздік ретінде жанама геноцид жасаудың заңдық реттелмеген тәсілдерімен байланысты барынша толық және жалпыланған жағдайды қалыптастыру және ұсыну болып табылады. Аталмыш мәселені зерттеудің жетекші әдістері - жанама геноцидті тікелей геноцид жасау алдындағы әрекет ретінде саралауға мүмкіндік беретін талдау, модельдеу және нақтылау әдістері. Зерттеудің бірден-бір негізгі нәтижесі – БҰҰ-ның 1948 жылдан бері қолданыстағы Конвенциясын геноцидтің жанама нысандарын қылмыстық-құқықтық бағалау шеңберінде ғана емес, сонымен қатар оны қатысушы мемлекеттердің міндеттемелерінің жалпы мән-мәтінінде де талқылауға болатын ереже қарамағында қарастыру. Аталған тақырыптың тәжірибелік маңыздылығы оның Конвенция нормаларын геноцид жасаудың қазіргі заманғы шарттары мен тәжірибелеріне бейімдеу қажеттілігіне бағытталғанында және қорғалатын демографиялық топтардың қауіпсіздігін жаңа ғылыми-әдістемелік және құқықтық қамтамасыз етуді әзірлеуге бағдарлануында болып отыр.

**Түйінді сөздер:** жанама геноцид; геноцидтің алдын алу; адамзатқа қарсы қылмыстар; халықаралық қылмыстар; биоцид; экоцид; халықаралық қылмыстық сот; халықаралық қылмыстық трибунал; Рим статуты.

## Кіріспе

2023 жылы 1948 жылғы 9 желтоқсандағы БҰҰ-ның геноцид қылмысының алдын алу және ол үшін жазалау туралы Конвенциясының қабылданғанына 75 жыл толды. A/RES/69/323 БҰҰ Бас Ассамблеясының 2015 жылғы 29 қыркүйектегі Қарарына сәйкес бекітілген геноцид қылмысы құрбандарын еске алудың, олардың қадір-қасиетін құрметтеудің және осы қылмыстың алдын алудың халықаралық күні осы датамен байланысты[1]. Конвенцияның 2-бабына сәйкес геноцид ретінде қандай да бір ұлттық, этникалық, нәсілдік немесе діни топты толығымен немесе ішінара жою ниетімен жасалатын келесідей әрекеттер түсініледі: a) осындай топтың мүшелерін өлтіру; b) осындай топтың мүшелеріне ауыр дене жарақаттарын немесе ақыл-есінің бұзылуы сияқты зиян келтіру; c) қандай да бір топ үшін оны толық немесе ішінара физикалық жоюға есептелген осындай өмірлік жағдайларды

* хат-хабарға арналған автор. E-mail: ka_alina84@mail.ru.

[1] Конвенция 1948 года о предупреждении преступления геноцида и наказании за него // URL: https://www.un.org/ru/observances/genocide-prevention-day (дата обращения: 05.09.2025).

қасақана жасау; d) осындай топтың ортасында бала тууды болдырмауға есептелген шаралар; e) балаларды бір адамдық топтан екіншісіне күштеп беру[2]. Аталмыш норма осы редакцияда өзгеріссіз Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 168 бабында және 1998 жылдың 17 шілдесінде қабылданған Халықаралық қылмыстық соттың Рим статутының 6 бабы шеңберінде бекітілген. Конвенция қабылданғанға дейін халықаралық қатынастардың практикасында геноцид жиі «жүйелендірілген», «санкцияланған», жеке мемлекеттердің үкіметтері тарапынан «ұйымдастырылған» қоғамға қауіпті әрекет, «өркениет пен адамзатқа қарсы» немесе «қылмыстардың қылмысы» атауларымен сипатталып келді [1, 608-б.].

Конвенция заңды күшіне енгеннен кейін геноцид туралы алғашқы айыптаулардың бірі АҚШ-тағы қара нәсілді халыққа қарсы әдейі жасалған әрекеттерге қатысты болды. Осыған байланысты Адам құқықтары жөніндегі Конгресс (1956 жылы таратылған БҰҰ-ның есеп беретін ұйымы) 1951 жылы желтоқсанда БҰҰ-на 1945-1951 жылдары афроамерикалықтардың өміріне қастандық жасау фактілері келтірілген петиция ұсынды. Конвенцияның аталған бабын бұзған деп тікелей айыпталған алғашқы мемлекет кейінірек Сербия болып табылады: 1999 жылдың шілдесінде БҰҰ-ның Халықаралық сотына осы мемлекетке қарсы 1991-1995 жылдардағы хорват аумағындағы қақтығыс кезінде Сербияны геноцид жасады деп айыптаған Хорватия талап арыз берді. 2010 жылдың қаңтарында Сербия қарсы талап арызбен жауап беріп, онда хорват билігі мен әскерилері серб халқының геноцидіне қатысты дәлелдемелер жинақталды. Конвенцияның нормалары алғаш рет Руанда аумағында жасалған геноцид және халықаралық гуманитарлық құқықтың басқа да елеулі бұзушылықтары үшін жасауты адамдарды сот арқылы қудалау үшін Халықаралық қылмыстық трибунал Жарғысының 2 (2,3) бабына сәйкес Руанда азаматтарына қатысты және 1994 жылғы 1 қаңтардан бастап 1994 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезеңде көрші мемлекеттердің аумағында жасалған геноцидке және басқа да осындай бұзушылықтарға жауапты Руанда азаматтарына қатысты қолданылды. Және, тиісінше, 1949 жылғы соғыс құрбандарын қорғау туралы барлық Женева конвенцияларына және осы конвенцияларға 1977 жылғы II қосымша хаттамаға ортақ 3-баптың елеулі бұзушылықтары қарастырылған бірінші сот ісін мамандар «бұл прокурор Жан-Пол Акаезуға қарсы» іс деп санайды. Ол бойынша тыңдаулар 1997 жылдың 9 қаңтарында Руанда бойынша Халықаралық қылмыстық трибуналдың сот палатасымен (камерасымен) басталып, 1998 жылғы 2 қыркүйекте шешім шығарумен аяқталды [2, 15-б.].

Жоғарыда келтірілген мысалдар - геноцидті айыптау жөніндегі нақты фактілер мен істер геноцид құрамының негізгі элементтерін дамытуда және түсінуде маңызды рөл атқарып қана қоймай, сонымен бірге тұтастай алғанда осы қылмысты анықтауға байланысты кейбір тұжырымдамалық аспектілер бойынша ұстанымды анықтауға мүмкіндік беретінін айқын көрсетеді. Атап айтқанда, 1948 жылғы Конвенцияның II бабында тұжырымдалған геноцид ұғымы және оның басқа да ережелері әлі күнге дейін біржақты қалыптаспаған және кейде кең ресми ортада да, сондай-ақ ғалым-гуманитарийлердің: тарихшылардың, заңгерлердің, әлеуметтанушылардың, саясаттанушылардың, психологтар мен философтар және геноцидтанушылардың өздерінің зерттеулері саласында да өткір пікірталастар мен даулардың тақырыбына айналып отыр. Қаралып отырған мәселеге байланысты мән-жайларды ескере отырып, мына жағдайларға ерекше назар аудару керек: соңғы жылдары мемлекеттер мен тұтастай алғанда халықаралық қауымдастық әлемде саяси, әлеуметтік, экономикалық және өзге де практикалардың түрлері мен нысандары бойынша әр алуан болып, тек «геноцид» ретінде ғана емес, сонымен бірге геноцид туралы Конвенцияның нормаларымен тікелей реттелмейтін нәрселерге қандай да болмасын қатысы бар өсіп таралуымен жиі-жиі бетпе-бет келуде.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, белгілі бір мағынада «геноцид» терминімен байланысты тұжырымдама-

[2] Қазақстан Республикасының Геноцид қылмысының алдын алу және ол үшін жазалау туралы конвенцияға қосылуы туралы 1998 жылғы 29 маусымдағы № 244 Заңы // URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z980000244_ (жүгінген күні: 05.09.2025).

лық дағдарыс орын алып отырғаны анық. Өйткені ол 1948 жылы Конвенцияда бекітілгенімен, бірте-бірте орын алып немесе болып жатқан оқиғалардың шынайылығын дәлме-дәл белгілей алмайды. Сондықтан, мәселенің заңдық, сондай-ақ саяси және тарихи аспектілерінің жеткілікті дәрежеде әзірленгеніне қарамастан, мақала авторы мүмкіндігінше геноцидті айқындаудың кейбір элементтерін, нақтырақ айтқанда, оны БҰҰ Конвенциясынан тыс қазіргі жанама нысандарының мәнін жаңа қырынан ұғынуды өз алдына мақсат етіп қоюда.

## Материалдар мен әдістер

Жанама геноцидтің құқықтық және саяси аспектілерін зерделеу үшін сарапшылар мен ғалымдардың ғылыми әзірлемелері, сондай-ақ ғылыми және анықтамалық материалдар, жекелеген нормативтік көздер осы тақырыпты зерттеу барысында егжей-тегжейлі зерттелді. Зерттеу әдістері ретінде басымды түрде теориялық (заң, әлеуметтану және саясаттану әдебиеттерін талдау, құқықтық қадағалау) және эмпириялық (қалыптасушы тәжірибені және нормативтік құқықтық құжаттарды талқылау) құралдары болып табылады. Зерттеу үш кезеңде жүргізілді: бірінші кезеңде ағымдағы жағдайға теориялық талдау жүзеге асырылды; екінші кезеңде жанама геноцидті осы қылмыстың жеке нысаны деп тану үшін критерийлер кешені анықталып, негізделді және үшіншісінде алынған нәтижелер нақтыланды және жүйелендірілді.

## Нәтижелер

Бұл бөлімде, ең алдымен, мәселенің мәнінің бастапқы мағынасын көрсететін авторлардың әртүрлі пікірлеріне назар аударған жөн. Мәселен, егер Т.И.Саинатидің пікірінше, қазірде геноцидтің тар шарттық анықтамасы орын алып отыр, өйткені «Конвенцияның II бабы геноцид анықтамасын аталған бес актімен шектейді, дегенмен де басқа әрекеттер қорғалатын топты жою ниетімен жасалуы мүмкін болса» [3, 178-б.], керісінше кейбір сарапшылар бұл қылмысты кеңінен талқылау фактілері «адамзатқа қарсы қылмыстар» ұғымын кең мағынада қолдану жолымен анықталатынын негізге алады [4, 233-б.]. Ю.В. Черновицкая Конвенцияда бекітілген геноцидтің анықтамасы біріншіден, «саясаттануды» - саяси топтар мен қоғамдық таптардың (мысалы, Индонезиядағы Сухарто режиміндегі коммунистердің) жойылуын, «өзіндік геноцид» атаулы - элитаны немесе басым топтардың ұлттық, этникалық, нәсілдік және діни сипаттамаларының барлығын немесе көпшілігін «сіңіруші» билеуші топтардың көпшілігін жоюды (мысалы, 1975-1979 жж. камбоджиялықтарды Пол Потпен және Қызыл кхмерлермен өлтірілуін)» қамтымайды,- деп жазады [5, 165-б.]; екіншіден, «Конвенцияда берілген топтардың түрлерін анықтау қайшылықты болып көрінеді» [5,165-б.] немесе «ұлттық, этникалық, нәсілдік немесе діни топтар» анықтамасын шектеуді ерікті деп атауға болады» [5, 165-б.]. В.М. Вартанян «Конвенцияның анықтамасында ниеттің көрсетілуі ерекше даулы сипатқа ие, өйткені ол геноцидке тыйым салатын халықаралық нормаларды қолдануды шектейді» деп атап көрсетеді [6, 34-б.]. Бұл ретте айта кету керек, геноцид актілерін жүзеге асырған кейбір мемлекеттердің үкіметтері (мысалы, екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі Түркия, Хорватия және фашистік Германияның басқа да одақтас мемлекеттерінің үкіметтері ғана емес, сондай-ақ белгілі сот істері аясында Руанда мен бұрынғы Югославияның үкіметтері де), әртүрлі «заңдық» амалдарды пайдалана отырып, атап айтқанда, қандай да бір демографиялық топты жою ниеті болғанын жоққа шығара отырып, қаржылық өтемақы және қылмыстық жазалау түріндегі санкциялардан жалтаруға тырысқан (және тырысуда да). Алайда, 1948 жылғы Конвенцияның заңгер – түсіндірушілерінің көпшілігі бүгінгі күні біраузыдан алдын-ала ойластырудың қатаң шартынсыз геноцидті ерекше қылмыс ретінде жаппай өлтіруді мемлекеттік қолдаудың басқа түрлерінен ажырату мүмкін емес деп санайды. Осыған байланысты БҰҰ Халықаралық құқық комиссиясы кезінде геноцид қылмысын жасау топты жоюдың түпкілікті нәтижесіне қол жеткізуді талап етпейтінін атап өтті: яғни Конвенцияның II бабында аталған әрекеттердің кез келгенін қорғалатын топты толық немесе ішінара жоюға қол жеткізу ниетімен жасау жеткілікті [7, 226-б.].

Өз кезегінде, С. Дмитриевский «көпшілік үшін мынадай екі тұжырым парадоксалды болар еді деп тұжырымдайды: біріншіден, адамдарды жаппай қырып-жоюдың әрбір жағдайы геноцидке тең емес; екіншіден, тіпті аздаған құрбандар мен жергілікті зорлық-зомбылықтың әрбір актісі геноцидтің болуын жоққа шығармайды» [8]. Сонымен қатар, осы автор атап өткендей, «бұл дәл солай: геноцид пен жаппай кісі өлтіру біркелкі емес; жаппай өлтіру элементі геноцидтің міндетті саралау белгісі болып табылмайды, бірақ оның жасалуы мүмкін екенін көрсететін индикаторлардың ең маңыздысы болып саналады» [8]. Осындай ұстанымды Е.Д. Панкратова да қолдайды, оның қорытындысына сәйкес «жаппай болу элементін геноцид қылмысының құрамын айқындау кезінде шешуші деп тануға болмайды, өйткені мұндай құрам 1948 жылғы Конвенцияда көзделген әрекеттердің кез келгені жасалған кезде, кінәлінің нәсілдік, ұлттық, діни немесе этникалық топты толығымен немесе ішінара жою ниеті болған кезде аяқталады деп танылады» [9,54-б]. А.Мейровицтің аталған авторлардан айырмашылығы басқаша пікірді ұстанады: ол «...құрбандардың көптігі элементінің қажеттілігі актілердің көптігінің элементінен артық емес» деп тұжырымдайды [10, 134-б].

Десек те, Ю.В.Черновицкая өзінің кандидаттық диссертациясында: «адамзат қоғамының қазіргі даму кезеңінің аса қауіпті белгісі тікелей геноцидтің жанама геноцидке айналу үрдісі болып отыр», - деп түйіндейді [11, 34-б.]. М. Гефтер болса «біреуге қарсы геноцид жоқ, геноцид әрқашан бәріне қарсы», деп санайды [12, 274-б.]. «Глобалистика» деп аталатын ресейлік энциклопедиялық еңбек авторлары соңғы уақытта «геноцид ауқымы өсуде» деп атап өтеді [13, 163-б.]. Осы факторларды негізге ала отырып, «геноцид баршаға қарсы соғысқа айналып, адамзаттың өзін-өзі геноцидіне айналуы мүмкін» қауіпті жағдай туындайды деген қорытынды жасауға болады [5, 166-б.]. Бұл ретте Армения Республикасының бұрынғы Президенті С. Саргсянның 2015 жылғы 22 сәуірде Ереванда өткен «Геноцид қылмысына қарсы» жаһандық қоғамдық-саяси форумында сөйлеген сөзінде атап өткеніндей, геноцидтер мен адамзатқа қарсы қылмыстардың қайталану себептерінің бірі халықаралық қауымдастықтың жасалған геноцидтерді мойындау және соттау үшін дәйектілік, бірлік және батылдық көрсетпегендінінде, сондай-ақ геноцидке ықпал ететін ортаның пайда болуын және оны жеткілікті дәрежеде болдырмауға ықылас танытпағанында болып отыр [14].

Дегенмен де заманауи халықаралық құқықта және мемлекеттердің ішкі қылмыстық заңнамаларында «жанама геноцид» ұғымы мен тиісінше оның қандай да болсын нақты құқықтық анықтамасы қарастырылмаған. БҰҰ 1948 жылғы арнайы Конвенциясының нормаларына сәйкес геноцидті қылмыс деп тану үшін белгілі бір демографиялық топты физикалық жою мақсатында кілттік болып табылатын орындаушылардың арнайы дәлелденген ниеті (dolus specidlis) болуы міндетті. Осы себепті көптеген зерттеушілер геноцидті ерекше қылмыс деп те атап өтеді [15, 205-б.]. Жанама геноцид керісінше зорлық-зомбылықсыз, ұзақ уақыт бойы, жеке пайда табу үшін ұлттық, этникалық, діни және нәсілдік топтарға немесе олардың дербес өкілдеріне алуан түрлі басқа мақсаттарға бағытталған қылмыс болып табылады, яғни оларды тура мағынада жоқ қылуды немесе өлтіруді, дәл осылай өлтіруге алып келетін жағдайлар туғызуды көздемейді. «Тікелей емес» геноцид термині осылайша жоғарыда аталған топтарға немесе жеке тұлғаларға өзге, жаңа контекстерде қолданылуына байланысты жасырын нысанда мәдени, әлеуметтік, биологиялық, экономикалық және т.б. зиян келтіруді қамтиды. Сондықтан жанама геноцид қазіргі уақытта әрекет етуші халықаралық құқық нормаларының бөлігі болып танылмайды. БҰҰ арнайы Конвенциясының 2 бабының «с» тармағында кіші ішінара ескеріліп топтар үшін ерікті түрде шыдамсыз өмірлік жағдайлар жасау арқылы тікелей емес салдар туғызса да бөлектеу қылмыс болып саналады және демек сот тәжірибесінде қолданыста болушы геноцид анықтамасының қамтуына ілесе алмайды.

Айтылғандардан шығатын қорытынды және жанама геноцидтің тура геноцидтен айырмашылығы – кінәлінің белгілі бір демографиялық топқа қарсы

бағытталған бүлдіру немесе зиян шектіру әрекеттерін байқатпау жасауында. Бұл әрекеттер әртүрлі әдістер арқылы жасалуы мүмкін, мәселен жергілікті мекендірадиоактивтік, химиялық, токсинді материалдармен ластау, қақтығыс құрбандарыңа гуманитарлық көмек көрсетпеу, төтенше жағдайларда қалыпқа келтіруші жұмыстарды жүргізбеу, инфрақұрылымды қирату, әлеуметтік көмекке зәру тұрғындардың деңгейін мектептерді, бала бақшаларды, ауруханаларды жабу арқылы төмендету, қажетті ресурстарға қолжетімділікті қысқарту немесе жол бермеу, кері насихат жүргізу, ұлтшыл ұйымдардың қызметін қаржыландыру және қолдану және т.б. болуы әбден мүмкін. Келтірілген және өзге де мысалдардың барлығы жинақтап айтқанда мақсатты бағытталған қылмыстық қызмет пен процесстің көріністері екендігі айқын. Мұндай жанама механизмдер халықаралық құқықта «complicity» («толық қатысу»), «structural genocide» (құрылымдық геноцид»), «conditions of life inflicting destruction» (өмір сүру жағдайлары шығын келтіреді) сияқты ұғымдармен де түсіндіріледі [16; 7,8-б.].

Тағы да бір назар аударатын жәйт – егер «жанама геноцид» халықаралық құқықпен реттелмейтін болса, онда оны қарастырған істердің және тиісінше шығарылған шешімдердің де, яғни соттық прецеденттердің де жоқ болуы орынды. Бұл орайда қалыптасқан үш ұстаным деуге болады. Бірінші позицияға сәйкес Руанда бойынша Халықаралық қылмыстық трибунал қарастырған бірқатар істер бойынша шығарылған шешімдерде (атап айтқанда «Прокурор Жан Камбадаға қарсы» (ICTR 97-23-S) Апелляциялық камерасының 2007 жылдың 28 карашасында шығарған шешімі) жанама жауапкершілік немесе геноцидті жасауға жанама бірлесіп қатысу немесе оны орындауға жанама ықпал ету бұл қылмыс үшін құдалаудың бірден-бір тәсілі болып танылатындығы байқалады. Екінші позиция Халықаралық қылмыстық соттың Рим статутының нормаларына тиесілі. Құжатта «жанама геноцидті» тікелей еске салушы ережелердің жоқ болуына қарамастан сот өзінің құқықтық тәжірибесінде геноцидті орындаушыларды кінә мен бірлесіп қатысудың жанама нысандарын қамтитын жауапкершілікке тарта алады. Үшінші, соңғы ұстаным бойынша халықаралық сот құрылымдары кінәлілерді жанама геноцидпен байланысты адамгершілікке қарсы және әскери қылмыстар шеңберінде құдалай алады.

Келтірілген позициялардың мазмұндарын талқылайтын болсақ, ең алдымен аталған соттық құрылыстардың жанама геноцидпен байланыстырып шешімдер шығаруға мүмкіншіліктері бар. Бірақ практикада олар кең қолданылмайды және жанама геноцидті қылмыс ретінде дәлелдеу күрделі іс болып саналады. Өйткені тағы да қайталауға жүгінсек, жанама геноцид халықаралық қылмыстық құқықта «стандартты емес» қылмыс және тура геноцид сияқты жеке қылмыс болып танылмайды. Сәйкесінше ол тікелей заңдық термин немесе құқықтық ұғым болып та біркелкі мойындалмайды. Расында бұл тұрғыда геноцидті қамтушы қылмыстық субъективтік жағының жанама ниетінің белгілері туралы айтқан абзал.

## Талқылау

Бөлімнің осы бөлігі аясында Конвенцияның қолданыстағы мәтінінде орын алушы алшақтықты қарастырамыз. Дәлірек Конвенцияның тікелей реттеу объектісі – тура геноцидке қарағанда, «ескерілмеген» осы БҰҰ әмбебап шартының қолданысы шегінде алдын алу және жазалау мақсатында күрес жүргізілуі тиіс жанама геноцидтің басым нысандары мен әдістеріне (көбінесе оларды геноцидтің мутантты көріністері деп те атайды) қатысты олқылықты айтсақ болады.

Қазіргі уақытта геноцидтің аталған түрінің көріністерін көптеген ғалымдар зерттей бастады. Соңғыларының арасында олар бағытталған экономикалық араласу; бағытталған мәдени-тарихи ортаның өзгеруі; биологиялық араласу, оның ішінде генетикалық деңгейде араласуды; бағытталған табиғи жағдайлардың өзгеруі сияқты нысандарын неғұрлым бөліп алға тартады. Аталмыш әрекеттер В.Н. Морозовтың байқауынша, адамзат қауымдастықтары үшін қайтымсыз теріс салдарға әкелетін әдейі ниетті өзгерістермен сипатталады [17, 182-б.].

В.А. Лисичкин мен Л.А. Шелепиннің көзқарасы бойынша бағытталған эконо-

микалық араласу жанама геноцидтің нысаны ретінде мына себеп бойынша қаралуы мүмкін: «бүгінде әлемдік қауымдастықты екі полюске бөлу үрдісі күшейіп келеді - халқының 17% - тұрғындары бар экономикалық дамыған елдер және экономикалық даму деңгейі жеткіліксіз, төмен деңгейлі дамушы елдер» [18, 29-б.]. Бұл орайда әлеуметтік теңсіздік, әсіресе макроэкономикалық деңгейде өсуде және материалдық құндылықтарға негізделген ұстанымдар жағдайында нарықты таңдау процесінде сәтсіздікке ұшырағандарға олардың дәрменсіздіктері сендіріледі, өмір сүру үшін мүмкін емес жағдайлар жасалады [5, 167-б.]. TAdviser сайтының 2024 жылғы 2 ақпандағы мәліметтеріне сәйкес, өткен жылы көпшілігі «жаһандық миллиардерлер» деп аталатын әлемнің ең бай 500 адамы өздерінің жиынтық байлығын 1,5 триллион АҚШ долларына ұлғайтқан; олардың ішінде 1%-на халықтың 45,6% активтері тиесілі[3]. Бұған қоса, осы өте бай адамдардың қазіргі жағдайы ғаламшар халқының 45% құрайтын 2,3 миллиард кедейдің жалпы байлығына тең келетінін ескеру қажет. Демек, бұл жағдай жүз миллиондаған және миллиардтаған адамдардың әл-ауқатын жақсартуға қамқорлық жасаудың орнына жаңа, неолибералды экономиканың табысты өмір сүру үшін «алтын миллиард» елдерінің сұраныстарын қанағаттандыруға жеткілікті екенін білдіреді [18,30-б.]. А.С. Панариннің пікірінше, фактілік айғақ бойынша адамзат іс жүзінде «экономикалық геноцид жүйесімен» «соқтығысып» отыр [19, 364-б.]. Нәтижесінде тұрғындардың кез келген тобының өзінің ұдайы өндірісін қолдай алмайтындай өлшемдерге дейін әлеуметтік-экономикалық кеңістігі қысқаруда [4,167-б.]. Осыған байланысты, біздің ойымызша, ЕО-қа мүше кейбір мемлекеттердің, әсіресе Германияның 2012-2013 жылдары Греция мен Кипр сияқты елдердің тұрғындарының мүдделеріне қарсы экономикалық дағдарыс пен қаржылық рецессия жағдайында қолданылған және Еуропалық орталық банк пен Халықаралық валюта қорының шарттарымен нығайтылған іс-әрекеттері айқын мысалдар бола алады. Бүгінде бұл мемлекеттер «банкрот мемлекеттер» мәртебесіне ие, ал олардың халқының өмір сүру деңгейі едәуір нашарлаған. Бұл ретте, сондай-ақ, АҚШ билігінің 2014 жылдың 1-2 тамызында Аргентинаның дефолт жариялауына, яғни қарыз жағдайлары бойынша уақтылы төлем жасай алмауына бағытталған қасақана жоспары туралы да айтуға болады. Алайда, Оңтүстік Америка мемлекетінің Үкіметі мен Орталық банкі кредиторлар алдындағы төлем міндеттемелерін орындау бойынша жеткілікті қаржы ресурстары бар екенін ресми түрде растады. Ал АҚШ ХВҚ-ның бас доноры ретінде бастапқыда Аргентинаны өз мүддесіне «бағындыру» мақсатында қаржы нарықтарын алдын ала болжап болмайтындай етіп өзгертіп, ұлттық валютаны «құлатып», халық арасында дүрлігу тудырды. Мәжбүрлі экономикалық әдістер, әсіресе этносаралық қақтығыстар аудандарында кейде күш қолдануға да «жүгінуі» мүмкін. Бұған мысал: 2023 жылдың 7 қазанынан бастап Палестина автономиясының Газа секторының тұрғындарына Израиль тарапынан қарулы (әскери) зорлық-зомбылығын үнемі қолданумен бірге жүретін экономикалық блокадасы. Бұл ретте БҰҰ экономикалық және әлеуметтік мәселелер департаменті сарапшылары 2024 жылғы қаңтардағы баяндамасында сектордағы кедейліктің 96%-ға дейін өсуін болжаған болатын[4]. Соңғы уақытта, Э.Г. Кочетов атап өткендей, кез келген ұлттық экономикаға қарсы әскери емес әдістермен жүзеге асырылатын, бірақ жоғары геоэкономикалық технологияларды пайдалана отырып, геоэкономикалық кеңістікте алдын ала жоспарланған стратегиясына сүйеніп зиян келтіру мақсатымен айқындалушы геоэкономикалық соғыстарды жүргізу үрдісі байқалады [20, 206-б.]. Автордың пікірінше, нақтырақ іс жүзінде қаралатындардың арасында ұлттық және әлемдік табысты аударудың мұқият бүркемеленген тетігін, экономикалық инфрақұрылымдарды қирату әдістерін, соңғы нәтижесі «кредиттік соққы» болып табылатын әлемдік шаруашылық аренасында ниеттелген операциялар жасау стилін, әлеуметтік-

[3] Самые богатые люди мира. Портал TAdviser // URL: https://www.tadviser.ru/index.php/Статья:Самые_богатые_люди_мира (дата обращения: 02.02.2024).

[4] Эксперты ООН спрогнозировали рост бедности в секторе Газа до 96% // Интернет-портал российской деловой ежедневной газеты «Ведомости» // URL: https://www.vedomosti.ru/economics/articles/2024/01/19/1015741-eksperti-oon-sprognozirovali-rost-bednosti-v-sektore-gaza (дата обращения: 10.03.2024).

экономикалық жүйенің деформациясы және оның қайтымсыз трансформацияға жылжуын атауға болады [20, 206-б.]. Мұндай іс-әрекеттердің бәрі түпкі нәтижесінде экономикалық тетіктерді қолдана отырып жүзеге асырылатын ірі ауқымды геноцид тәсілдері ретінде саралануы мүмкін.

Мәдени-тарихи ортаның бағытты өзгеруі, кейбір жағдайларда, этноцидке жақын болса да, жанама геноцидке жатқызылуы мүмкін. Егер этноцидте іс-әрекеттер белгілі бір халықтың мәдениетін жоюмен шектелсе және оның физикалық жойылуы өздігінен емес, жасырын алғышарт болса, онда жанама геноцидтің қарастырылып отырған түрінің әдістері мен салдары әлі күнге дейін назардан тыс қалуда. Этноцидтің классикалық мысалы ретінде американдық, австралиялық және басқа да құрлықтардың отарлануын келтіруге болады [21, 219-б.]. Әсіресе, Америкалардың тұрғылықты халқының жойылуы (әлі де бүгінгі күнге дейін) әлемдік тарихтағы ең жаппай және ұзаққа созылған геноцид болып қала бермек [22, 97-б.]. Браун Ди осы орайда былай деп ой бөліседі: жанама геноцидтің аталмыш нысанын орындау үшін идеологиялық дайындық деп аталатын бапты жүзеге асыру қажет, яғни жоюшыларға жойылуға тиіс адамдардың «кінәсін» түсіндіру міндетті [23]. Оның пікірінше, отарлаушылар, ең алдымен американдық штаттарының ресми биліктері, американдық үндістердің жауынгерлік және қанқұмарлық табиғаты туралы аңызды әдейі таратты. Дегенмен жергілікті тұрғындарда тұрақты әскери бірлестіктердің, сондай-ақ бекіністі тұрғын үйлер мен елді-мекендердің болмауы олардың ұзақ уақыт бойы негізінен бейбіт өмір салтын ұстанғанын дәлелдейді [23]. Өзге ғалым - Д.Станард та Америка халықтарының испандық және англо-саксондық геноциді мен еврейлердің, цыгандардың және славяндардың нацистік геноциді арасындағы идеологиялық байланысты табанды бақылап анықтайды [24, 416-б.]. Оның пікіріне сай, еуропалық отарлаушылар, ақ қоныстанушылар мен нацистер бірыңғай «идеялық тамырды» ұстанған [24, 416-б.]. Және Д.Станардтың пікірінше, осы идеологияға АҚШ-тың Оңтүстік-Шығыс Азиядағы мен Таяу Шығыстағы интервенциялары негізделді [24, 416-б.]. Ғалымның пайымдауынша, бүгінгі күнге дейін қос Американың бір кездері өмір сүрген халықтарының тек кейбіреулері ғана өздерінің бұрынғы санының 5%-нан аспайтын бөлігін сақтап қалған [21, 416-б.]. Бұл ретте автор ғылыми қауымдастықтың американдық құрлық тұрғындарының колумбтық дәуірге дейін санын жасырып отырғанын ерекше атап көрсетеді [24, 416-б.]. А.С. Панариннің пікірінше, «Америкада көптеген жылдар бойы үндістерді күштеп ассимиляциялау саясаты геноцидтің мәдени, рухани, психикалық нысанын білдіреді» [25, 70-б.]. Осы автордың ұстанымын көптеген ғалымдар, мысалы, Р. Торнтон [26, 57-б.], Х.Кёнинг [27], Ян Р. Кэрю [28] сияқты американдық зерттеушілер қолдайды.

Мұндай жанама «геноцидтің» салдары әлемдік қауымдастық үшін аса қауіпті, өйткені «алуан түрліліксіз, мәдени баламаларсыз мәдениет болашаққа ақпараттық "өзгермелілік" қорын, өзінің бейресми жағдайларға бейімделу және әлі қалыптаспаған жаңа жағдайларда эволюциялану қабілетін жоғалтады», - деп атап көрсетеді И.П. Меркулов [29, 314-б.]. Ю.В. Черновицкаяның бағалауы бойынша, жанама геноцид нысаны ретінде мәдени ортаның бағытты өзгеруі, әсіресе ірі қалаларда адамдардың басым бөлігін біріктіретін «бұқаралық қоғам» деп аталатын қауымдастықты қалыптастыруға ықпал етіп қана қоймай, сондай-ақ стандартизациялауға негіз тудырады, айтар болсақ киім киінуде, тамақтануда, өмір салтында өзіндік стандарттар пайда болады, жалпы сәнге, бірін-бірі алмастырушы кумирлерге табыну орын алады, мінез-құлықтық стереотиптерді қалыптастыру арқылы адамдарды унификациялауға алғышарттар жасалады [5, 169-б.].

Бұдан басқа, әлеуметтік-мәдени жанама геноцидтің негізгі тәсілдерінің бірі болып, мысалы, Ресейдің 2022 жылғы 22 ақпаннан бастап Украинаға әскери басып кіре бастауымен әсіресе қарқынды жүргізіп келе жатқан насихаттық, ақпараттық соғыс болып табылатынын атап өтпеуге болмайды. Мұндай соғыстың негізгі белгілері, әдетте, адамдардың санасын манипуляциялау, олардың қажеттіліктері мен мінез-құлқын басқару болып табылады, бұл физикалық әсер етуге қарағанда айтарлықтай зиян келтіруі мүмкін.

Биологиялық араласу. Е.В. Брызгалинаның айтуынша, биологиялық деңгейде жанама геноцид көріністерінің алғышарты техникалық прогресс пен адамның биофизикалық қабілеттері арасындағы тепе-теңдіктің бұзылуы болып табылады [30; 450]. Ол биологиялық қауіпсіздік тұжырымдамасына экожүйенің бұзылуымен, тамақтану құрылымының өзгеруімен байланысты аурулар мен халық денсаулығының динамикасын талдау кіретінін баса айтады [30, 450-б.]. Қазіргі уақытта тамақтану сапасы мен қауіпсіздігінің қанағаттанарлықсыз жай-күйі халықтың табиғи өсімінің төмендеу себептерінің бірі болып табылатыны белгілі [30, 450-б.]. «Қазіргі заманның жаһандық мәселелері дискурсындағы Евгеника» (2005 ж.) атаулы зерттеудің авторларының пікірі бойынша, биологияның қазіргі даму кезеңі биология тек зерттеу құралына ғана емес, сонымен қатар тірі әлемге әсер ету құралына айналып отырған жағдаймен [31, 4-б.], оның ішінде біреулердің мүдделерін ескеру арқылы бағытталған ықпал етумен, демек биологияның шынайылық пен тікелей байланыстарының өсуімен сипатталады. Осы мағынада гендік инженерия, жасушалық инженерия, табиғи және жасанды жасалған био және агроценоздарды құрастыру сияқты жаңа бағыттар пайда бола бастады. Бұл үрдіс өз кезегінде биологты жанама геноцид үшін мүмкіндіктер ашатын тірі әлеммен айналысатын жаңа ағзалардың «конструкторына» айналдырады [5, 169-б.]. Тіріліктің терең құрылымдарына бұрын-соңды болмаған әсер ету құралдарына ие болған қазіргі заманғы ғалым енді вирустармен, молекулалармен немесе химиялық процестермен емес, адам өмірімен айналыса алады [5, 169-б.]. Гендік және жасушалық инженерияға негізделген жаңа технологиялар эволюциялық кедергілерді еңсеруге, генетикалық байланысқа түсу үшін табиғи мүмкіндіктері жоқ организмдер арасында гендерді еркін құрастыруға және орын ауыстыруға мүмкіндік береді [5; 169]. Бұл адамзатқа елеулі пайда бере алады, бірақ айтарлықтай қателіктерге де әкелуі, олардың ішінде айла-шарғы жасауға да мүмкіндік беруі мүмкін, - деп қорытындылайды Ю.В. Черновицкая [5, 169-б.].

Белгілі бір технологиялық міндеттерді шешу үшін тірі ағзаларды немесе олардың тіршілік ету өнімдерін пайдалану мүмкіндігін зерттейтін биотехнология ғылымы туралы да жеке айтуға болады. Мысалы, рекомбинантты ДНҚ немесе рДНҚ диагностикасы әдістерінің дамуына байланысты барлық тұрғындардың генетикалық скринингісі және олардың жеке өкілдерінің генотиптерін зерттеу мүмкіндігі пайда болды. Сөзсіз, осыған байланысты, А.Т. Шаталов пен Г.И. Мяндинаның пікірінше, қоғамға бірден теңсіздіктің жаңа бір түрі – генетикалық теңсіздік мәселелермен бетпе-бет ұшырауға тура келеді. Мұнымен қатар геноцидтің ұғымы да кеңеюі мүмкін, мысалы, топтар қатарына белгілі бір генетикалық белгілерімен ерекшеленетін топты қосу жағдайы туындайды [31, 234-б.]. Бұл ретте Б.Г. Юдиннің Фукуямаға сілтеме жасау арқылы жазуы бойынша заманауи биотехнологиядан келетін ең елеулі қауіп - ол оның адам табиғатын өзгертіп, осылайша бізді тарихтың «постадамзаттық» кезеңіне алып келу мүмкіндігі [32, 468-б.].

Табиғи жағдайлардың бағытты өзгеруі, мағыналық жүктемеге байланысты түсінікті болып отырғандай, экологияға, оның ішінде адам экологиясына да әсер етеді. Адам экологиясы деп өзара іс-қимыл ғылымын, адам мен оның тіршілік ету ортасының коэволюциясын түсінуге болады [33, 29-б.]. Н.Ф. Реймерстің байқауынша «биоцидке әкелетін барлық тіршілікті қасақана жою», яғни үлкен аумақтардағы барлық тіршілікті жою немесе адамның табиғи ортаны жою жөніндегі саналы, мақсатты бағытталған қызметін анықтайтын «экоцид» көріністерімен жиі кездесуге болады [34, 144-б.]. Осы тұрғыда айта кетейік Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 169-баптың шегінде экоцидті бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар қатарына жатқызады және оны «өсімдіктер мен жануарлар дүниесін жаппай жою, атмосфераны, жер немесе су ресурстарын улау, сондай-ақ экологиялық апатты немесе төтенше экологиялық жағдайды туғызған немесе туғызуға қабілетті өзге де іс-әрекеттер жасау» деп айқындайды[5]. Жекелеген авторлардың пікірлеріне сүй-

[5] Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ Қылмыстық кодексі // URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226 (жүгінген күні: 05.09.2025).

енсек, «экоцид - бұл өз ресурстарын халыққа, мәдениетке, басқа елдің биологиялық өнімін өндіруге, оның табиғи ортасына қол сұғу үшін пайдаланатын бір мемлекеттің қасақана әрекеті» [35, 16-б.]; «бұл табиғи ортаны саналы түрде жою, оның үстіне экоцид әдейі ниетпен жасалған шабуыл барлық жағдайларда орын алады» [4, 170-б.]. «Экологиялық соғыс - геноцид сияқты - болашақ ұрпаққа қарсы бағытталған соғыс, бірақ, мысалы, Вьетнамға қарсы жүргізілген соғыста АҚШ бейбіт халыққа жіберген (немесе тасталған) гербицидтердің дозалары ол үшін қауіпсіз деп мәлімдеді, бірақ адам оларды сумен де, тамақпен де тұтынды, болашақ ұрпақ экологиялық соғыстың ауырлығын сезінді» [4, 174-б.]. Бұл жағдайда «табиғи мұрагерлік факторға бағытталған ықпал даусыз екені анық» [10, 34-б.] және «АҚШ тарапынан осы орайда вьетнам халқына қатысты жанама геноцидтің көрінісі байқалады» [10, 34-б.].

